

"Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" Қызылорда облысы әкімдігінің 2022 жылғы 20 қыркүйектегі № 636 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы әкімдігінің 2023 жылғы 10 сәуірдегі № 63 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 13 сәуірде № 8385-11 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы әкімдігінің 2023 жылғы 26 желтоқсандағы № 225 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы әкімдігінің 26.12.2023 № 225 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қызылорда облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" Қызылорда облысы әкімдігінің 2022 жылғы 20 қыркүйектегі № 636 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29766 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының 1-қосымшасы осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулының 2-қосымшасы осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және осы қаулының 1-қосымшасы 2023 жылғы 1 қаңтарынан бастап туындаған қатынастарға таралады.

Қызылорда облысының әкімі

Н. Налибаев

Қызылорда облысы әкімдігінің
2023 жылғы 10 сәуірдегі
№ 63 қаулысына 1- қосымша
Қызылорда облысы әкімдігінің
2022 жылғы 20 қыркүйектегі
№ 636 қаулысына 1-қосымша

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы

		Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының түрлері және айына бір тәрбиеленушіге жұмсалатын шығындардың орташа құны (теңге)			
--	--	--	--	--	--

Елді мекен	Тәрбиеленушілер саны *	Жарты күн болатын топта, жалпы білім беретін мектептегі мектепалды даярлық сыныбында	9 сағаттық болу режимі бар топта	10,5 сағаттық болу режимі бар топта	түзету үлгісіндегі 10,5 сағаттық болу режимі бар топта	туберкулез, аллергия ауруымен ауыратын, қ а н т диабетімен ауыратын, әлжуаз және жиі ауыратын балаларға арналған 10,5 сағаттық болу режимі бар топта
ауыл	29900	26718	56698	61823	113202	93701
қала	27617	24610	52481	57079	103318	85794

Ескерту: * - жыл көлемінде тәрбиеленушілер саны өзгереді.

Қызылорда облысы әкімдігінің
2023 жылғы 10 сәуірдегі
№ 63 қаулысына 2-қосымша
Қызылорда облысы әкімдігінің
2022 жылғы 20 қыркүйектегі
№ 636 қаулысына 2-қосымша

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға ата-ана төлемақысының мөлшері

Елді мекен атауы	Тәрбиеленушілер саны *	Бір айға ата-ана төлемақысының мөлшері 3 жасқа дейін (теңге)	Бір айға ата-ана төлемақысының мөлшері 3 жастан бастап (теңге)
Қызылорда	26233	-	-
қала	23914	13500	14500
ауыл	2319	13500	14500
Арал ауданы	4502	-	-
қала	2413	7000	8000
ауыл	2089	6000	7000
Қазалы ауданы	3677	-	-
қала	252	9900	11000
ауыл	3425	12500	13000
Қармақшы ауданы	4200	-	-
қала	1038	10000	10000
ауыл	3162	6000	7000
Жалағаш ауданы	3268	-	-
ауыл	3268	6000	7000
Сырдария ауданы	2185	-	-
ауыл	2185	6500	7500
Шиелі ауданы	7064	-	-

ауыл	7064	6000	8000
Жаңақорған ауданы	6388	-	-
ауыл	6388	6000	8000

Ескерту: * - жыл көлемінде тәрбиеленушілер саны өзгереді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК